

## Жер салығының ставкалары туралы

### Күшін жойған

Жамбыл облысы Тараз қалалық мәслихатының 2010 жылғы 23 желтоқсанда N 36-6 Шешімі. Тараз қалалық Әділет басқармасында 2011 жылғы 21 қантарында 6-1-120 нөмірімен тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Тараз қалалық мәслихатының 2018 жылғы 14 наурыздағы № 29-9 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Тараз қалалық мәслихатының 14.03.2018 № 29-9 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

РҚА О ескертпесі :

#### Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сакталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 387-бабына сәйкес және Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Жамбыл облысы Тараз қаласының және Байзак, Жамбыл аудандарының әкімшілік шекараларын өзгерту туралы" 2010 жылғы 23 ақпандағы № 113 қаулысының негізінде қалалық мәслихат **ШЕШТІ**:

1. Салық кодексінің 381-бабында белгіленген Тараз қаласы бойынша жер салығының базалық ставкалары:

1) тұрғын үй қоры, соның ішінде оның іргесіндегі құрылыштар мен ғимараттар алып жатқан жерлерді қоспағанда, елді мекендердің жерлеріне, № 1 өнірде 50 пайызға, № 2 өнірде 30 пайызға, № 3 өнірде 15 пайызға, № 4 өнірде 10 пайызға жоғарылатылсын;

2) № 1, № 2, № 3, № 4 және № 5 өнірлерде тұрғын үй қоры, соның ішінде оның іргесіндегі құрылыштар мен ғимараттар алып жатқан жерлерге, 40 пайызға жоғарылатылсын.

Ескерту. 1-тармақта өзгерістер енгізілді – Жамбыл облысы Тараз қалалық мәслихатының 2011.03.30 № 38-7 (ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі шешімімен).

1-1. Тараз қаласында автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген жерлерге Салық кодексінің 381-бабында келтірілген кестенің 3-бағанында белгіленген жер салығының базалық ставкасы он есеге ұлғайтылсын және барлық автотұрақтар (паркингтер) үшін біркелкі санат белгіленсін.

Ескерту. Шешім 1-1 тармақпен толықтырылды – Жамбыл облысы Тараз қалалық мәслихатының 2011.03.30 № 38-7 (ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі шешімімен).

2. "Жер салығының ставкалары туралы" Тараз қалалық мәслихаттың 2005 жылғы 16 қарашадағы № 17-12 Шешімінің (№ 6-1-19 тіркелген, 2005 жылғы 15 желтоқсанда "Жамбыл-Тараз" газетінің № 87 жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихаттың  
сессиясының төрағасы  
*К.Болысбаев*

Қалалық мәслихат  
хатшысы  
*Ө. Байшығашев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖҚ РМК